



Ақмешіт

23 қазан
сенбі

№84 (1786)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЛІК – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ БОЛУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ»

Ақорда резиденциясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс форматында Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Бұл туралы Президенттің баспасөз қызметі хабарлады. Жиынға Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісі қалыптасқанын және оның тиімділігін әлем қауымдастығы мойындағанын атап өтті.

– Қастерлі Отанымызда түрлі мәдениеттердің үйлесім тапқаны – соның айқын көрінісі. Бұл – біртұтас ұлт болып ұйысуымыздың басты қағидаты әрі айнымас стратегиялық бағдарымыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз Жолдауында ел бірлігін нығайта түсу қажеттігіне айрықша мән бергенін еске сала отырып, осы маңызды бағытта Ассамблеяның басты рөл атқаратынын айтты.

– Кейінгі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы әртүрлі этникалық топтарды қорғауға және олардың мүдделерін ілгерілетуге бағытталған деген пікірлер жиі айтылады. Бірақ бұл – еліміздегі оның мәні зор екеніне берілген біржақты түсінік. Шын мәнінде, Ассамблея ұлт бірлігін нығайтудың



нақты құралына айналды және барлық азаматтың ортақ мемлекеттік идеясының төңірегінде жұмылдыра алды. Ассамблеяның құрудың арқасында өте күрделі проблеманың – этникалық мәселені саясиландырудың алдын алу тетіктері пайда болды, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Ассамблея халықтың тұтастығын нығайтуға,

қазақстандықтарды қоғамдық-саяси өмірге жұмылдыруға, мемлекеттік тіл мен оның Қазақстандағы мәртебесін ілгерілетуге және азаматтық белсенділіктің жаңа формасының қалыптасуына қосқан үлесін атап өтті.

Сондай-ақ Президент этникалық саладағы проблемалар деструктивтік мақсатқа пайдаланылып кетуі мүмкін екенін айтты.

– Өкінішке қарай, этникалық факторлар, ұлтаралық қатынастар, әсіресе дағдарыс кезінде түрлі қақтығыстардың ошағы болуы мүмкін екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Оның деструктивтік әлеуеті ақпараттық және гибридік соғыстардың, жиі жасалатын популистік мәлімдемелердің, алып-сатарлық пен ашық араңдатушылықтың қазіргі дәуірінде айтарлықтай күшейе түсті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент этносаралық келісім экономикаға және адамдардың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді деп есептейді.

– Елдегі тұрақтылықты сақтау үшін мәдениет пен білімнің, ақпараттық қауіпсіздіктің маңызы зор. Біз бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың жан-жақты әрі тиімді, яғни инклюзивті болуын қамтамасыз ететін жүйелі шаралар қабылдадық. Осы мақсатта арнайы құрылымдар жасакталды. Дегенмен этносаралық келісімді нығайту ісінде әрбір министрлік пен мекеме айрықша рөл атқарады. Әсіресе әлеуметтік саладағы саясаттың орны бөлек. Шын мәнінде, этносаясатқа қузырлы органдар ғана жауап бермеуі керек. Алдағы міндеттерді табысты орындау үшін мемлекет пен қоғам бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Сонда ғана біз халқымыздың береке-бірлігін сақтап, мемлекетімізді нығайта аламыз. Тұрақты дамудың және өсіп-өркендеудің бірден-бір жолы – осы, – деді Мемлекет басшысы.

2 БЕТТЕ



ЛИВАН: ДАҒДАРЫСТАҒЫ КҮНКӨРІС

2019 жылы бастау алып, 2020 жылдың басында пандемияға айналған «Covid-19» вирусы біраз өзгеріс әкелді. Соңғы екі жылда әлем елдерінің денсаулық сақтау саласы қатты сынға ұшырады. Ебін тапқандар емделді, қолынан келгендер сенделді. Вирус тек медицина саласын қозған қана қоймай экономикаға да кері әсерін тигізді. Міне, осы кезеңде онсыз да қиын күндерді бастан кешіп жүрген мемлекеттер қатты қиналды. Соның бірі – Ливан.



Ливанның жергілікті валютасы 2019 жылдан бері бүгінге дейін 90 процентке құлдыраған. Бұл елдегі экономикалық дағдарыстың қазіргі келбетін ашып көрсеткендей. Одан бөлек елдегі саяси ахуал да біраз қиындайыққа ұшыраған еді. Осы орайда CNN арнасының тілшісі Тамара Киблави «Ливандағы ашкөздік өмірге қажетті сүт пен дәрі тапшылығына қалай әсер етті?» тақырыбында репортаж мақаласын жариялады. Мақала жесір қалған Аммуни Хайдар атты әйелдің бір күндік өмірін бастау алады.

«Аммуни Хайдар бір ай бойы сыртқа шықпай, жұпыны жабықталған үйінің терезесі алдында отыр. Күн батқан уақытта кішкентай шым үйді аз ғана жарықтандырып тұрады. Электр энергиясын кешкі сағат 22.00-де сөндірген тұста бұл үйде қараңғылық орнайды.

32 жастағы Хайдар сириялық шекараға жақын орналасқан Тлеил ауылындағы шағын ғана үйінде әлі 10 күндік отыруы керек. Күйеуі Ибрагим Урфали тамыз айының ортасында жанармай цистернасы жарылысынан қайтыс болған. Енді оның әйелі қаралы дәурен бойынша 40 күн далаға шықпай, ер адамдармен араласауы керек.

Терең ойға берілген әйелдің көзінен жас ағып, өксік қысады. Ал 6 жастағы екінші баласы оның бетінен қайта-қайта сүйіп, анасын жұбатпауға тырысады. Осы кезде ол сал ғана жымылп, баласын құшағына алады.

Хайдардың қайғысы күллі Ливан елінің жағдайын суреттеп тұрғандай, – деп басталады автордың мақаласы.

Елде екі жыл бұрын болған дағдарыстан кейін оның және бүкіл ливандықтардың күнкөрісі күн санап қиындап барады. Онсыз да азын-аулақ табысы бұл күнде жоқпен пара-пар. Жетіспеушіліктің кесірінен ол төрт баласын дұрыс тамақтандыра алмай отыр.

Негізінен жергілікті телеарналар тамыз айының аяғында балаларға арналған сүттің қоймада сақталуы турған бірнеше суретін жариялаған. Алайда Хайдар қанша тырысқанымен оның бірде-біреуін таба алмаған. Ал өзінің жеті айлық баласын бүгінде қант араласқан сумен тамақтандыруға мәжбүр.

Ливандағы дағдарыстың басты себебі байлардың сарандығынан қымбат болған-мыс. Олардан Хайдар сияқты келетін отбасылар ондай бағаға тауар ала алмай отыр.

Мұндағы дағдарыс мемлекет қаржысының тез таусылуы салдарынан болған. Ал «Әлемдік банк» мұның басты себебі биліктің қаржылық сауатсыздығынан деп санайды. Бірақ қорды толтыру үшін сатып алған аса маңызды тауарлар да экономиканы біраз есендетті.

Ливанның премьер-министрі Наджиб Микати өткен жылы мемлекет субсидиялаған тауардың 74 процентін сүлдегерлер мен паракорлар елден жасырып қалғанын айтқан. Оның ішінде соңғы жылдарда жетерлік жинақталуы керек болған жанармай, дәрі-дәрмек, азық-түлік пен балалар тағамдары бар. Міне, осыған бөлінген 10 млрд доллардың 7,4 млрд долларын бас пайдасын ойлағандар ел аузынан жарып қалған.

CNN арнасының Орталық банк, фармацевт, дәрігер, науқастар мен гуманитарлық мамандар арасында жүргізген сараптама нәтижесінде биылғы жылдың басында келуі керек тауарларға бөлінген субсидия көлемі артқаны белгілі болған. Ата-аналар балаларын қалай тамақтандырып білмей жүргенде, қатерлі ісікпен ауырғандар керекті дәріні ала алмай жүргенде мұндай шешім елге аз да болса көмегін тигізеді еді. Бірақ ашкөздік алқымнан алған...

Хайдардың күйеуінің өмірін жалғаман цистерна жарылысы жанармай қорын жасақтаудағы қиындықтарға дәлел. Себебі 14 тамызда Ливан әскери контрабандалардан бұл цистернаны тартып алған. Екінші күні олар генераторларын іске қоса алмай отырған оңдаған адамға осы дизель отынын таратып бермек болған. Алайда әскери тапке атылған оқтың кесірінен оқиға орында ұлкен жарылыс болып, 31 адам көз жұмған және 79 адам түрлі жаракат алған.

Әйелінің айтуынша, Урфалидің денесінің 95 процентін күйік шалған. Күйеуі және сол сияқты ауыр жаракат алған бірнеше адам жақын жердегі ауруханаға жеткізілгенімен, қажетті дәрі-дәрмек табыла қоймаған. Ал кейбір науқастарды емдеу үшін шетелге жібергені Ливандағы жағдайдың қаншалықты қиын екенін айқындайтындай.

Урфалиды да шетелге емге жібермек болғанымен ол шыдай алмады. Ал ол көз жұмғаннан кейін бірнеше күн өткен соң елдегі денсаулық сақтау министрлігі із-түссіз жоғалып кеткен альбумин дәрісінің 6800 ампуласы Бейрутқа жақын орналасқан қоймалардың бірінен табылғаны мәлімдеген. Альбумин – қатты күйік шалған кезде қолданылатын және ауырыну деңгейін сәуір төмендетуіне оң әсерін тигізетін дәрі.

Альбуминнің қоры министрліктің рейд жасап, онышты қоймаға тексеріс жұмыстарын жүргізу барысында табылған. Бұл дәрілер негізінен импорттаушылар мен фармацевттерге тиесілі. «Біз дәрілердің барлық түрін және балалар тағамдарын таптық», – деп мәлімдеген арнаға есімін жасырып қалуды сұраған денсаулық сақтау министрлігінің өкілі.

4 БЕТТЕ

СҰХБАТ



Бектас НҰРИДИНОВ, қала әкімінің орынбасары:

«БҰЛ МЕРЕКЕ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕРЕК»

«Әркімнің туған жері – Мысыр шәрі» демекші, өскен өңір, өз қалаңның тыныс-тіршілігі мен дамуы әрбір тұрғынға қуаныш сыйлары анық. Таза қала, өркеніетті қоғамның сипаты көрініс бергенде ғана шаһар тарихы тамырын кеңге жаяды. Сыр бойының бас шаһары – Қызылорда қаласы да осы құндылықты сіңіре білгені белгілі. Осы тұста қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридиннен шаһардың мерейлі мерейтойы туралы тілдесудің сәті түсті.



2 БЕТТЕ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП



СЫРДАРИЯ ТАРТЫЛЫП БАРАДЫ

«Білем сені, сүйем сені,
Сырдың суы – қарт анам.
Сенсің мені әлдилеген,
Туған сенен мен балам», –
деп жырлаған ақын
Әбділда Тәжібаевтың өлеңінде өміршендік бар.

Иә, талай ақынның шығармасына арқау болып, талай шайырға шабыт сыйлаған Сырдария өзені бүгінде кенезсі кеуіп, тартылып барады. Сөйсенбі күні түс ауа қасыма фототілші Нұрболат Нұржаубайды ертіп, Сырдария өзеніне бардық. Бір кездері дауысы анадайдан гүрілдеп жататын жарықтық демін ішіне тартып, бүк түсіп жатып алғандай әсер етеді.

– Кімнен, қалай, не себеп мына халің?
Сен мұнайсаң қалайша жұбатамын.

Етегіңде еріксіз толқып тұрмын, Толқыңды өйткені ұнатамын, – деген ақын Мамыр Байдәулетовтің өлеңі еріксіз ойға орала берді. Тандайында тамшы су қалмаған дария табанында тұрамыз деп кім ойлаған? Кезінде шалқып жатқан Сыр суына Сақтар келіп шомылып, Тұмар ханым бұрымын жұмап па еді?! Жер жүзін жаулаған Ескендір де толқынына тұншығып өте амаған өзеннің тартылып бара жатқаны өкініштен өзегіңді өртейді екен.

3 БЕТТЕ

РЕПОРТАЖ

Бүгінгі жұмыс күні әдеттегіден ерте басталды. Таңмен таласа тұрып, жұмысқа қамдандық. Іштей «бүгін күн ерекше өтпек» деп қоямыз. Өйткені өз жұмысымызға емес, бір күнге поғондағы қызметкер болмақпыз. Қалалық полиция мамандарымен бірге жұмыс жасап, құқық қорғау саласының қызметін көрмекпіз. Яғни бір күн бойы журналистен полицияға айналамыз.

ЖУРНАЛИСТ ПОЛИЦЕЙ БОЛҒАНДА...

ЖҰМЫС ТАҒҒЫ САПТАН БАСТАЛАДЫ

Негізінен полицияның жұмысы таңертеңгі сағат 8-де саптық жиынан басталады. Қалалық полиция басқармасының ауласында 11 бөлімшенің 180-нен аса қызметкері сап түзейді. Біз форма кигенде қызметкерлердің қыстық киім үлгісіне өтуі тексерілді.

– Бүгінгі саптық жиында қысқы киім үлгісіне өтуге байланысты қызметкерлер сапқа тұрғызылды. Сапта барлығы 11 саланың 180-нен аса қызметкері жиналды. Саптық жиында әр полицияның қызметтік куәлігі, киім үлгісінің талапқа сай болуы тексерілді. Одан бөлек әдеттегідей мамандарға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, этикалық нормалар мен азаматтарға деген қарым-қатынастың маңыздылығы түсіндірілді, – деді қалалық полиция басқармасы кадр бөлімшесінің бастығы, полиция капитаны Мақсат Садыбеков.

Саптық тексерістен кейін қызметкерлер өз бөлімшелерінде жиналып, өткен тәуліктегі есеп пен жаңа тапсырмаларын алды. Біз де ювеналды полиция бөлімшесінің қызметкерлерімен бірге бөлім жиналысына



бардық. Бөлімшелік жиында ювеналды полиция бөлімінің бастығы Алмас Сыздықов өз қызметкерлерінің өткен тәуліктегі есебін тыңдады.

Бөлімшедегі полиция лейтенанты Әлихан Өтешов өзіне қарасты 13 және 14-ші аймақтан түнгі уақытта 3 хабарлама келіп түскенін айтты. Оның ішінде екі шақыртуға әкімшілік құқық бұзушылық туралы 442-бап, яғни көмелет жасына толмағандардың заңды өкілдерінің түнгі уақытта жүріне байланысты хаттама толтырылған. Одан бөлек түнгі уақытта ойын-сауық орталықтарын аралау барысында 132-бап бойынша көмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол бергені үшін хаттама толтырылған.

2 БЕТТЕ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЛІК – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ БОЛУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ»

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдар мен Қазақстан халқы Ассамблеясына бірқатар басым міндет жүктеді. Президент, ең алдымен, мүмкіндіктердің тең болу қағидатына негізделген аймақтық дамуды қамтамасыз етудің маңыздылығына назар аударды. Соның ішінде этникалық ақпараттың туындауына, мәдени және тілдік кедергілерге, этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарға әкеліп соғатын әлеуметтік-мәдени оқиғаларға қатысты қатерлерге тоқталды.

жағдайлар туралы ашық айтылуы керек деп ойлаймын. Бұл проблемаларға көз жұмуға болмайды. Әйтпесе, бұл келенсіздікке әкеп соқтыруы мүмкін және туындаған мәселелерге шынайы баға бере алмаймыз. Мемлекет этникалық топтардың әлеуметтік-экономикалық интеграциялану саясатын жүргізіп, осы негізде кез келген шиеленістің жанжалға ұласпауы үшін алдын алатынын ерекше атап өткім келеді. Мұндай жанжалдардың бәрі теріс пайғалды арандатушылардың ісі екенін жақсы білеміз. Ондай арандатушылармен күресеміз және оларға аяушылық болмайды, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы «Жаңғыру жолы» көзгалысын Ассамблея жанындағы республикалық жастар ұйымы ретінде қайта құру мүмкіндігін қарастыруды ұсынып, жастармен жұмыс жүргізудің маңызды екенін айтты. Бұл ретте, ҚХА жастарының орман алқаптарында 2 миллиард ағаш егуге және елді мекендерде 15 миллион қошет отырғызуга белсенді қатысатынына сенім білдірді. Президент жастар саясатының өзектілігіне мән бере отырып, Ассамблеяның кезекті сессиясын осы тақырыпқа арнауды ұсынды.

Президент Ассамблеяның әлеуметтік және қоғамдық маңызы бар жобаларды қолдау тәсілдерін дамыту мәселесіне көңіл бөлді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, достық үйлерін мәжіліс пен салтанатты жиындарды өткізу залдары емес, ҚХА-ның халық бастамаларының ресурстық орталықтары мен жобалық кеңселеріне айналдырған жөн. Ал этномәдени бірлестіктер бұл жұмысқа белсене атсалысуы керек.

– Өңір басшылары жергілікті ассамблеяның жетекшісі ретінде ақпараттық кеңістікте белсенді болуы қажет. Ассамблея мүшелері медиасалада, соның ішінде әлеуметтік желіде өз ұстанымын қорғай білуі тиіс. Еліміздегі бірлік пен татулыққа қарсы айтылған бір де бір сөз жауапсыз қалмауы керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев этносаралық саладағы ғылыми негізделген тәсіл – мемлекеттік саясаттың бастауы болуы тиіс екенін айтты. Оның пікірінше, бұл аса күрделі бағытта дилетанттық пен популизмге жол бермеу қажет. Ал елімізде және одан тыс жерлерде туындайтын барлық сұрақтарға ғылыми дәлелдер мен нақты сандарға сүйене отырып, салмақты жауап берілуі қажет.

Президент сөзін қорытындылай келе, жалпыұлттық бірлік қуатты мемлекеттің кепілі екенін айтты. – Біз отаншылдықты, өзара сыйластық пен татулықты жан-жақты дәріптеуіміз керек. Бұл – мемлекеттің ғана емес, барша азаматтарымыздың ортақ міндеті. Жалпыұлттық бірлік – қуатты мемлекет болудың басты кепілі. Егемен еліміздің баға жетпес байлығын кейінгі ұрпақ үшін сақтай білуіміз керек. Осы жауапты міндетті абыроймен атқарасыздар деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Akorda.kz

Басы 1-бетте

Бектас НҰРИДИНОВ, қала әкімінің орынбасары:

«БҰЛ МЕРЕКЕ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕРЕК»

– Қызылордалықтар жыл сайын асыға күтетін қала күні мерекесі жақындап қалды. Биыл қала күні қалай мерекеленеді? – Өзінгіз мәлім, әлемді шарпыған індеттің қауіпі әлі сейілген жоқ. Биыл да мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру карантиндік режимге байланысты санитарлық нормаларды сақтай отырып өткізілетін болады. Әрине, қазір қала күні мерекелеу қоғамды ортақ мүдде жолында топтастыруға, жағымды көңіл-күй сыйлауға әсері мол. Сол себепті тұрғындарға ерекше көңіл-күй сыйлау мақсатында қаланың орталық көшесі мен алаңдары мерекеге сай безендіріледі. Алайда біздің мерейлі мерекеге бұл жолғы жоспарымыз мүлде бөлек.

Біздің басты жаңалығымыз, қала күні қарсаңында апатты деп танылған көпқабатты тұрғын үй тұрғындарына арналған 50 пәтерлі тұрғын үйді пайдалануға беру рәсімі ұйымдастырылады. Тұрғындарға пәтер кілтін қала әкімі өзі табыстайды. Бұдан бөлек «Сабалақтан» ауыз су ұңғымасын іске қосуды жоспарлап отырмыз. Оның уақытын нақтылап айтатын боламыз. Бұл да осы қала күні қарсаңында өткізілетін шараның бір парасы.

сіз сарапшының сараптама қорытындысын алған жағдайда «Egov» порталы арқылы электронды өтініш пен құжаттарын өткізіп, тұрғын үй кезегіне тіркеледі. Кезегі келгенде үйлі болады. Биыл апаттық үй тұрғындарына сол жағалау шағын ауданынан 50 пәтерлік сатып алу құқығынсыз арендалық үйлер пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Аталған санат бойынша берілген үйлер арендалық болғандықтан жекешелендіруге жатпайды.

– Қазір біздің Қызылордада ғана емес, еліміздің барлық облыс орталықтарында қала күнін тойлау мерзімі нақты бір датамен белгіленбеген. Біз осы сауал бойынша зерделеу жұмысын жүргізіп, нақты бір датаға қоюға ұсыныс білдірген едік. Ойткені бұл бір адамның қалауымен қабылданатын шешім емес. Оның үстіне қазір ел ішіндегі эпидемиологиялық тұрақсыздығы қала күнін нақты бір күнге қоюда қиындық тудырып тұр. Сондықтан біз осы жолы қала күні деп бір күнді атап өтпей, мереке қарсаңында бір апталық іс-шаралар тізбегін жасадық.

– Мереке қарсаңында сақтық шарасын сақтау бойынша қандай жұмыс жүргізіледі? – Қазір әлемде коронавирус инфекциясынан қаншама адам зардап шегіп жатыр. Бізге қала тұрғындарының, елдің амандығы мен саулығы маңызды. Ашық аспан астында концерт өткізіп тойлауға болар еді. Бірақ онда адамдар тығыз байланыста болатындықтан бақылау жасау әлдеқайда қиын. Оның үстіне мұндай шараларға көбіне жасөспірімдер келетінін ескеру қажет. Ал бұл мәселеге дұрыстап үйлер болсақ, мектеп оқушыларына коронавируспен қарсы екі жұмыстары енді жүргізіледі. Өзі осынызда індеттен бас ала алмай жатқанда, бір күн тойлаймыз деп аuru жұқтырғандардың санын арттырып аласақ, есептеген шарамыз «жығылғанға жұдырық болмай ма?». Ал мәдениет үйі мен мектептерде өтетін шараларға айтарлықтай алаңдамауға болады. Себебі онда санитарлық талапты, бетперде режимі мен арақашықтықты сақтауға толық мүмкіндік бар.

– Түсінікті. Мәдениет саласынан бөлек басқа салалар бойынша шаралар өте ме? – Негізгі шаралар мәдениет, білім салаларын қамтымақ. Қалғаны пәтер беру, қаламыздағы инфрақұрылымдарды ретке келтіру жұмыстары бойынша өтеді.

– Апатты деп танылған көпқабатты тұрғын үй тұрғындарына арналған үй пайдалануға берілетінін айтыңыз. Осы жайында толығырақ тоқталсаңыз. – Азаматтар өздері тұратын тұрғын үйінің санитарлық-техникалық жағдайы нашар болған жағдайда аккредиттелген сарапшыларға үйдің техникалық жағдайын анықтау мақсатында жүгіне алады. Тұрғын үйі апаттық деп танылып, тәуел-

– Қазір біз жылдағыдай дүбірлетіп, ашық аспан астында концерттік бағдарламалар мен осы іспеттес шаралар өткізбейміз. Шынында «Бұл жыл бұрынғыдан өзгерек» болмақ. Осы жолғы қала күнін барынша халыққа пайдалы етіп, бір жағы сақтық шарасы ретінде рухани әрі танымдық шаралармен ерекшелендіруді ойладық. Мәселен, жақында ғана ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы және қала күні мерекесінің бірігіп өтуіне «Салауатты Қызылорда» атты жеңіл атлетикалық кіші марафоны өтті. Бұл шараның бір бөлігі ғана.

– Бүкпесіз өңгеміңізге рақмет! Сұхбаттасқан Ақтілек БҒІМБАЙ

– Қазір тұрғындармен кездесулер өткізіліп, олардың талап-тілектеріне сай жұмыс жасалауда. Мұның барлығы сол қаланың өркендеуі, дамуы, көркеюі үшін жасалып жатқан шаралар. Тұрғындар хат арқылы не әлеуметтік желі арқылы өз аймақтарындағы түйткілді мәселелер туралы ашық жеткізіп отыр. Ал бұл көтерген, айтылған мәселелер бойынша жылдам жұмыс жүргізіп, орын алған кемшіліктерді түзетіп келеміз. Азаматтардың көкейкесті сұрақтарына жауап алу үшін барлық мәліметтерді қала әкімдігінің сайты мен барлық әлеуметтік желіге жариялап отырмыз. Бұл сол халық талап ететін ашықтық деуге саятын шығар.

– Өздеріңіз білетіндей, демалыс күні әлеуметтік желіге орталық алаңда болған жасөспірімдер төбелесінің бейнематериалы жарияланды. Қазіргі таңда сол жерде болған бірнеше жасөспірім анықталды. Ендігі кезекте сол жасөспірімдермен жұмыс жүргізіп, заң жүзінде жауапқа тартыламыз. Одан бөлек, мұндай істерді болдырмау мақсатында әр маманға өзіне тиесілі әкімшілік аймақтары мектептерде түсіндірме жұмыстарын жүргізу тапсырылады, – деп бөлімше бастығы арнайы тапсырма жүктеді.

– Жауапты қызметте жүргенін жете түсінеміз»

Басы 1-бетте

Басы 1-бетте

Басы 1-бетте

Басы 1-бетте

Басы 1-бетте

Басы 1-бетте



КЕНЕТТЕН КЕЛГЕН ХАБАРЛАМА

Полиция инспекторымен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, әкімшілік аймақтарды аралап жүргенде майор Нұрлан Алдабергеновтің раиясына кенеттен хабарлама келіп түсті. Біз күлгемізбен, полицияға мұндай шұғыл хабарламалар тосын емес. Раияның арғы жағындағы хабарлаушы «Абай көшесі 4 үй ауласында 2015 жылғы қыз ойнап жүріп белгісіз бағытта шығып кеткен. Үстіне қызғылт күрте, кара қалпақ пен аяғына сары етік киген. Қабылданды ма?» – деді. Инспектор хабарламаны қабылдап, дереу белгіленген аймаққа бет алдық. Оқиға орнында жүрген куәгерлерден жоғалған қыз туралы ақпарат сұрап, ауладан жоғалған қызды іздеу жұмыстарын бастадық. Нәтижесінде

ЖУРНАЛИСТ ПОЛИЦЕЙ БОЛҒАНДА...

Полиция майоры Омірзақ Жалғасбаев та өзіне қарасты «Шұғыла» шағын ауданында рейд жұмыстарын жүргізіп, түнгі уақытта заңды өкілсіз жүрген бір жасөспірімге хаттама толтырғанын баяндады. Одан бөлек бір азамат жасөспірімді бопсалап жүр деген хабарлама келген. Бүгінгі күні сол арыз-шағымды зерттеу-зерделеу жұмыстарын жүргізіп, қажет жағдайда жауапқа тартатынын айтты.



Осындай ретпен ювеналды полиция бөлімшесінің барлық қызметкерлері өз баяндамаларын жасаған соң бөлімше бастығы Алам Молдашұлы бүгінгі күнге арналған тапсырмаларын берді.

кішкентай қыз ойын алаңынан табылып, анасынан көз жазып қалғанын айтты. Осылайша полицей ана мен баланы табыстырды. Ал біз оқиғаның куәгері болдық.

«ОҚУШЫЛАРҒА ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСЫ ҰДАЙЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ»

«ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТТЕ ЖҮРГЕНІН ЖЕТЕ ТҮСІНЕМІЗ»

Басы 1-бетте

Әңгіме әлқиссасын әріден бастайын. Сырдария Гималай тауынан басталып ағатын Қарадария мен Қырғыздың Алатауындағы Ыстықкөлдің бергі іргесіне жақын Нарыннан бастау алады. Осы екі дария Өзбекстанның Ферғана өлкесінде ұштасып, содан Сырдария басталады. Сырдың ұзындығы 2200 шақырым, осының 1800 шақырымы Шыназдан бастап Қазақстанның күңгей-батысын жиектеп отырып, Арал теңізіне құяды. Сырдың бұлай қарай ағатын себебі – аржағы бер жағынан жоғары. Мәселен, Мырзашөл теңіз бетінен 273 метр биік болса, Қызылорда 129 метр, Арал сағасы 67 метр биік.

Сырдария өзенінің суы Орталық Азиядағы ең құнарлы мақта өсіретін аймақтарды суғаруға және оның бойындағы қалаларды сумен қамтамасыз етуге қолданылады. Бұл өзенді ілгеріде жергілікті халық Шаш өзені десе Монғолдар Гүлзариян, Арабтар Сейхун, Түріктер Сырдария деп атаған. Яһудилер жазбаларында Писон және Гихон деген өзендер жайлы айтылады. Сейхун мен Жейхун осы сөздерге жақын болуы мүмкін деген де болжам бар. Моңғол шапқыншылығы заманында Сейхун атауы қолданыстан шығып, Сырдария атала бастаған.

Сол алып Сырдария «Алаштың Сыр анасы» өзеге өкпелі секілді сезілді. Өйтпегенде ше! Өзағам деп өзеуреп жүрген Өзбекстан мемлекеті соңғы жылдары салған «Сардоба» су қоймасына су құюда. Одан қала берді Қырғыз елі де жолдан қысып, Токтағұлды суға тоғытуда. Енді біз қайтпекпіз? Бар тыныс-тіршілігі Сырдариямен байланысты сырбойлықтар енді қалай күнелтпек? Бұған су мамандары не дейді?

– Арал-Сырдария бассейнінде 2019 жылдан бастап су аздығы байқалған. Сырдария өзенінің суылығы Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан аумағындағы су шаруашылығы жағдайына тікелей байланысты. Көбінесе «Токтоғұл» су қоймасында судың жиналуымен айқындалады. Қазіргі таңда «Токтоғұл» су қоймасындағы судың жинақталу көлемі 2019 жылға қарағанда 5 млрд текше метрге кем. Вегетациялық кезеңнің басында «Токтоғұл» су қоймасында шамамен 15 млрд текше метрге су жинақталған. Биылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша су қоймасында 8,7 млрд текше метрге су бар. Бұл өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда 2,9 млрд-қа аз. Осыған байланысты су тапшылығы болуы мүмкін. Бұл тікелей Сырдария өзенінің жағдайына әсер етіп отыр. Бұл мәселеге қатысты қараша айында өтетін халықаралық комиссия отырысында кенінен қаралады деп күтілуде. Оның ортақ нәтижелерін алдағы уақытта білетін боламыз, – дейді ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілдері.

Министрлік берген мәліметке сүйенсек, бұл мәселе алдағы уақытта өз шешімін таппақ. Оны уақыт енісіне қалдырдық.

Алқымы кеуіп, аңызға болған дария кейін кез келген адамды алаңдатпай қоймайды. Бір кездері балығы тайдай тулаған, шағаласы шулаған Сырдария суы сирағымызға да жетпей тұрғанын көзімізбен көрдік. Көңілімізге көп нәрсе түйдік. Бұлай жалғаса берсе ертеңгі ел болашағы қалай болмақ?

Басы 1-бетте

Бұл мәселеге байланысты облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов өз пікірін білдірді.

– Биылғы жылдың қыркүйек айынан бастап Шардара су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына жіберіліп жатқан су көлемі 30 текше метрді құрады. Бұл су деңгейінің күрт төмендеуіне әкеліп отыр. Осыған байланысты жан-жақты келіссөздер жүргізілуде, – деді Бауыржан Серікұлы брифингте.

– Сырдария өзені трансшекаралық өзен болып саналады. Судың көлеміне байланысты жылына екі рет халықаралық комиссия арнайы тексерістен өткізіп тұрады.

СЫРДАРИЯ ТАРТЫЛЫП БАРАДЫ



Сырдария өзені арқылы Қазақстан территориясына көктем мен күз мезгілінде 4 млрд текше метр су келуі керек деп болжаланған. Қазіргі уақытта 2 млрд текше метрге жуық су келген. Бұл мерзімді жоспармен салыстырғанда 60 процентті ғана қамтиды. Көксарай су реттегіші және Шардара су қоймасында толық пайдалануға және шекті пайдалануға ең төменгі шегі 650 млн текше метрге дейін су қалды. Осының себебінен қыркүйек және қазан айларында жоғарыдан келіп жатқан су көбейген жоқ. Керісінше су деңгейі 30 текше метрге дейін азайған. Қазіргі уақытта облыстың шекарасынан 60-65 текше метр, Қызылорда қаласы тұсынан 66 текше метр су өтіп жатыр, – дейді Арал-Сырдария бассейнінің инспекциясы басшысы Сейітбек Нұрмұбетов.

Тәуелсіз сарапшы-журналист Айтқұл Шалғынбаеваның республикалық «Халық» газетінде жарияланған «Сырдария Әмудуң жолын құшуы мүмкін немесе өзімізге ағайында ортақ су деген ұғым жоқ» атты мақаласында мына мәселерге назар аударған.

«Әлемде су тақсиретін тартып отырған 164 елдің ішінде Өзбекстан су жағдайы мүшкіл 25 елдің бірі боп саналады. Солай бола тұра арқаураған Сырдың бастауынан қалағанынша, қажетті суынан да артық көлем алып отырған ел. Сөйтіп отырып 2013 жылы Азия-Тынық мұхиты су саммитіне қатысып, су тапшылығын аса қатты сезініп отырған елдердің қатарынан тағы бір көрініп, су қауіпсіздігі ахуалын анықтайтын 5 компоненттің санатына енді. Бұл деген сөз суға зору елдердің су қауіпсіздігі сол 5 компонент бойынша қорғалатын болады. Олар біріншіден, үй шаруашылығына қажетті су (қазақша аяқ су). Екіншіден, экономикаға қажетті судың қауіпсіздігі (агро

өгермен позициясы. Осы әрекеттердің бәрі – еліміздегі су саясатының әлсіздігінің көрінісі. Міне, біздің елдің су саясатының сиқы. Мемлекетаралық су проблемасы қауіпсіздік кеңесі немесе ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атсалысуымен шешілуі тиіс. Олай болмағанда Сырдария Әмударияның соңынан кетеді. Рахаттын өзбек көреді. Әмудің суын Қарақұм каналы қалай жұтса, өзбек те солай Сырды меншіктейді.

Неге олай? Өйткені Өзбекстан Кеңес одағы тұсында 25 су қоймасын салса, соңғы 30 жылда 9 қоймасын салып алды. 2018 жылы Мирзиёев тағы 7 қойма құрылысына тапсырма берді. Алдыңғы 25 су қоймасы Арал теңізінің түбіне

жәтсе, соңғы 9 қойма Сырдың төменгі ағысын тартып жатыр. Ал енді қолға алынатын жатқан 7 қойма Сырдың төменгі ағысын түбегейлі жұтады әрі Қызылорда облысын аграрлы аймақтан құмды, тұзды алапқа айналдырады. Одан кейінгісі бесенеден белгілі. Сырдария суының проблемасы мемлекетаралық деңгейде шешілмейінше, нәтиже болмайды. Ол үшін елімізде су саясатын күшейтіп, өз мүддемінде табандылық таныту – үкіметтің табиғат, ел-халық алдындағы парызы», – деп жазады.

Расымен, Сыр өңірі халқының бүгінгі де, болашағы да Сыр суымен тығыз байланысты. Өзен бойын жағалай қоныстанған өлке тұрғындарының алаңдауы негізсіз емес.

Ел ертеңін ойласақ, осы бастан онық жер қалмаудың қамын қылу керек. Өйтпесе болары болып, дария құмға сіңіп кеткен соң аң ұрудың қажеті жоқ. Бұл – көпшіліктің айтар ортақ уәжі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

ЕЛ СЕΝІМІН АҚТАҒАН АЗАМАТ

Адамзат баласы әсілінде туған жерімен тығыз байланысты болып ер жетеді. Сағ ауасымен тыныстап, топырағынан нәр алады. Танымы кеңейіп, тағдыры туған жер тарихымен үндесіп жатады. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Мұқашбек Айқоджаев осындай туғандардың бірі.

Ол 1952 жылы Сырдария ауданына қарасты №15 разьезде дүниеге келген. Жастайынан білімге құштар жас жігіт 1969 жылы Ғани Мұратбаев атындағы №171 казак орта мектебін күміс медальмен бітірді. Мектеп жасынан алғырлығымен көзге түсіп, озат оқушылар қатарынан табылды. Бала бейімін байқаған ұстаздары оған көп үміт артып, келешек өмір жолына үлкен сеніммен қарайтын. Бойындағы білім мен талант өсе келе өзіне артылған зор сенімді ақтап білді. Мектепті үздікке аяқтаған Мұқашбек Мұхтарұлы Қазақ политехникалық институтының «Теплоэлектростанция» бөліміне оқуға түседі. Мұнда жүріп те өзін барлық жағынан жаксы көрсете білді. Ол ауылдағы ата-анадан алған тәрбие танымы мен ұлағатты ұстаздардан сіңірген білімінің жемісі еді.

1977 жылы Қызылорда педагогикалық институтының «Физика» факультетін үздікке бітіреді. Осы



жылы Сырдария ауданына қарасты МИС мекемесіне жұмыс істеуге келіп, комсомол комитетінің хатшысы болып сайланды. Еңбек майданында шыңдала жүріп, «Халық депутаттары облыстық советінің атқару комитеті» грамотасымен марапатталды. Бұл адал еңбектің өтеуіне берілген елдің алғысы еді. 1987 жылы аудандық халық депутаттар кеңесінің депутаты болып сайланып, өзі сайланған өлке тұрғындарының мұң мұқтаждарын жоғары жаққа жеткізіп, билік назарын аударып, сан салалы істерге ұйытқы болды.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда Ақжарма ауылының әкімі қызметін аброймен атқарып, ел алғысына бөленді. Осы жылдары ел ішінде көптен шешімін таппай жүрген түйткілді мәселелердің онынан шешілуіне айтарлықтай зор үлесін қосты. Сол кездері жасалған жұмыстардың жемісін ақжармалық ағайындар әлі күнге ризашылықпен айтып келеді. 1995 жылы ауыл әкімдерінің республикалық кеңесіне депутат сайлануы да оған артылған үлкен сенімнің көрінісі еді. 1998-2003 жылдар аралығында «Ақжарма» ЖШС директоры болып халыққа адал қызмет атқарды. Ол қандай істі бастаса да соңында сапалы орындалуын өзіне міндет тұтатын. Өрбір жұмысын жауапкершілікпен атқаратын.

Мұның бастауында жоғарыда атап өткеніміздей туған жерден дарынды кәсіпкерлік қылдырық жатыр. Ол 2003 жылы мәңгілік мекеніне аттанып кете барды. Дегенмен елмен етене араласқан ер азаматтың ерлікке пара-пар еңбектері ұлт пен ұрпаққа жасалған ұлы құрметінің белгісі. Мұқашбек Мұхтарұлының мұрасы – артында қалдырған осындай тағты істері. Бұл тәуелсіз Қазақстанның дамуына аз да болса қосылған ер үлесі.

Т.ШАЙДУЛЛАУЛЫ

КІТАП ОҚУҒА ШАҚЫРҒАН ШАРА

Жуырда А.С.Пушкин атындағы орталық кітапхана қызметкерлері «Абылайхан» атындағы №140 орта мектептің 10 сынып оқушылары арасында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Асылбекұлының «Рәбиғаның махаббаты» атты повесін талдап, өз ойларымен бөлісті.



Шараның басты мақсаты – оқушылардың таным көңілігін кеңейтіп, шығармашылыққа баулу. Кітаптағы оқиға желісі мен жас буынның қазіргі өмірі жайында көзқарастары мен ойларын ортаға салу.

Бұл басқосуда автордың «Рәбиғаның махаббаты» атты повесіндегі мектеп парасасынан басталатын коммунистік үгіт-насихат пен идеологияның советтік дәуірде мұғалімдердің сана-сезімдеріне мықтап орныққаны, оның жас ұрпақты тәрбиелеуде бүгінге дейін өз үстемдігін жою қоймағаны жайында сөз болды. Повесте махаббат деп аталатын тылсым сезіммен алғаш рет ұшырасқан мектеп оқушысы жасөспірім Рәбиғаның ұлкендер әлеміне аяқ басқан сәттердегі басынан

кешкендері және оны қазіргі тәрбие, білім беру жүйесінің қалай қабыл алғаны өңгімеленді.

Кітапханашы повесть жайлы кіріспе сөз алып, шығармаға кенінен тоқталып өтсе, оқушылар – Дана Қадыр, Қанат Нұрланұлы Рәбиғаның досы Айжанның бейнесіне, сынып жетекшісі Уәлихан мен Мадридтің, математика мұғалімі Роза жайлы өз ойларын Салтанат Маманова мен Махаббат Бегман айта кетіп, өскелең ұрпақты кітап оқуға шақырды.

Данагүл ТӨЛЕНДИЕВА,
А.С.Пушкин атындағы орталық кітапхана қызметкері

СПОРТ

ДОСТЫҚ КЕЗДЕСУ ОЙЫНЫ



Рухани келісім – береке мен бірліктің кепілі. Елбасының игі бастамасы мен елімізде қалыптасқан дінаралық татулық, ұлтаралық келісім – ширек ғасырға татитын тәуелсіз еліміздің жеткен басты жетістіктерінің бірі.

Осы орайда Рухани келісім күні қарсаңында Қызылорда облысының дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы «Рухани келісім – басты міндет» атты кіші футболдан достық кездесу ойынын өткізді.

Діни бірлестіктер арасында өткен ойынның басты мақсаты – өркениетпен мәдениетті дәріптеу. Аталған додаға бірнеше команда қатысты. Достық кездесуде жүйріктерге жүлделі орындар бұйырып, кубоктар табысталды. Ал белсене қатысқандар арнайы дипломдармен марапатталды.

Аталған жарыстың орын алған жеңімпаз командалары және номинация иегерлері мадақтама грамоталарымен және медальдар, кубоктармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

АТ БӘЙГЕСІ ӨТЕДІ



Жақында Маңғыстау мен Ақтау қаласында өткен ауыл спортшыларының спартакиадасында Сыр спортшылары жүлделі ІІІ орынды қанжығасына байлады. Аталған додаға облыстан 133 спортшы қатысты. Бұл аймақ мерейін өсірген үлкен жарыс болды. Бұдан бөлек алда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы мен қала күні қарсаңында республикалық ат бәйгесін өткізу жоспарлануда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жағыпар Тәжмаханов мәлімдеді.

«Бүгінде Сыр спортында жағымды жаңалықтар жертелік. Күні кеше 10 күнге созылған Маңғыстау және Ақтау қаласында жетінші ауыл спортшыларының жарысы өз мересіне жетті. Бұл спартакиада

спорттың 14 түрі бойынша өткізілді. Жалпы командалық есепте облыстың құрама командасы жүлделі ІІІ орынды иеленді. Бұл облыс спортшыларының үлкен жетістігі деп білеміз. Сонымен қатар алдағы уақытта бірқатар ауқымды спорттық шаралар жоспарланды. Атап айтсақ, Қазалы ауданында грек-римнен жастар арасында халықаралық турнир ұйымдастырылмақ. Тағы бір көлемді шара Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен қала күні мерекесі қарсаңында республикалық ат бәйгесі жарысын өткізу жоспарлануда. Бүгінде бұл бәйгеңің барлық ережесі толықтай бекілі. Қазіргі таңда еліміздің барлық аймағына шақыру жіберілді. Жарыста ізіне қара ілестірмей, топ жарған жеңімпаздарға арнайы жүлде қоры табысталады», – деді Жағыпар Айтбайұлы.

Одан әрі баспасөз конференцияда облыстық ат спорты федерациясының мүшесі Болат Арыстанұлы ат бәйгесінің өткізу барысын баяндап өтті.

«Өздеріңізге мәлім, ат бәйгесі қазақ халқына өте жақын спорттың бірі. Алда болатын жарыс ойдағыдай өтеді деп ойлаймын. Аламан бәйгеге 80-100 ат қатысады деп жоспарлап отырмыз. Жеңімпаздар қорымен марапатталады. Мәселен бас жүлдеге 2 млн теңге беріледі. Ал жүлделі 2 орынға 1 млн 700 мың теңге, 3 орынға табан тіреген қатысушыға 800 мың теңге қаржылай сыйлық қарастырылған. Еліміздегі барлық облыстарға ат бәйгесіне қатысуға шақыру жіберілді. Қазір дайындық жұмыстары жүргізілуде», – деді Болат Арыстанұлы.

Ақтілек БІТІМБАЙ

СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДІҢ МЕЛИОРАТИВТІК ЖАҒДАЙЫ

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі, алдымызда тұрған келіп міндет жоғары табыс әкелетін ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге байланысты суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайы.

Қазіргі таңда құнарлы топырақты сақтау және су көлемін үнемді пайдалана отырып, Қызылорда қаласына қарасты шаруа қожалықтары жана заманға сай техникамен жабдықталып жұмыс жасап келеді.

Атап айтар болсақ, италяндық лазерлік жер тегістеу құралын қолдану, су үнемдеуге, күрші алқаптарын суға бастыру жұмыстарын

жылдамдатуға, егін өнімділігінен өте жоғары көрсеткішке жетуге үлкен ықпалын тигізуде. Осындай көрсеткішке қол жеткізу, егістік алқапты күтіп-баптау, оны инженерлік-мелиоративтік жүйеге сай уақытылы тұзданудың алдын алу, егістік жерлерді мерзімінде сумен шаю жұмыстарын жүйелі жүргізуді дер кезінде орындау жақсы әсерін беріп келеді.

Егістіктен тыс жерлерге уақытылы қашыртықтар арқылы шығарылуы қалағалау қажет. Ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу үшін егістік жерлердің топырақ құнарлығын сақтап және ондағы гидротехникалық құрылыстарын жақсарту қажет.

Ойымды қорытындылай келе, түйінді сөз, заман талабы – су көлемін үнемді пайдалану дегенді білдіреді.

Ж.ДЕМЕСІНОВ,

«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ Қызылорда қаласы бөлімінің басшысы

ӘРІПТЕСКЕ ЛЕБІЗ



ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

3 МИЛЛИОН ТЕҢГЕНІҢ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАРЫН ҰРЛАҒАН

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының кезекші бөліміне облыс орталығының тұрғынынан арыз түскен.

Белгілі болғандай, 19 қазан күні қала орталығындағы орналасқан дүкендердің бірінде 7 ұялы телефон ұрланған.

Ұрылған қатысты жүргізілген жедел-іздестіру шаралары нәтижесінде қалалық полиция басқармасының қызметкерлері тәулік ішінде ұрылғандығын анықтап, құдікті деп танылған 34 жастағы қала тұрғынын ұстады.

Аталған іс бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 188-бабы 3-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

МАС КҮЙІНДЕ КӨЛК АЙДАҒАН

Жанакорған ауданы Жайылма ауылының тұсында екі жеңіл автокөлік соқтығысып қалды. Апат салдарынан зардап шеккендер болған жоқ.

Отан катысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 346-бабының 2-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

ЕСІРТКІМЕН ҰСТАЛДЫ

Облыстық полиция департаментінің қызметкерлері «Қарасора-2021» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында бір күнде есірткі алып жүрген екі азаматты анықтады.

Қызылорда қалалық полиция басқармасының патрульдік полиция батальоны инспекторлары қызмет атқару барысында қала көшелерінің бірінде жеңіл автокөлікті жол жүрісі ережесін бұзғаны үшін тоқтатқан.

Осы тектес оқиға Қармақшы ауданында да болды. Қызылорда облысы ПД-нің Қармақшы аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері кент көшелерінің бірінде құқық бұзушы тұрғынды тоқтатып тексеру кезінде газет киіндісіне оралған есірткі алынды.

Қазіргі таңда екі дерек бойынша да сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

372 ШЕТЕЛДІК КӨШІ-ҚОН ЗАҢНАМАСЫН БҮЗҒАН

Заңсыз көші-қонды болдырмау және алдын алу, шетелдіктердің көші-қон заңнамасын бұзу фактілерін анықтау мақсатында облыс аумағында өтіп жатқан «Негелал-Кордон» жедел-профилактикалық іс-шарасының 8 күнінде 570 құқық бұзушылық анықталған.

Оның ішінде көші-қон заңнамасын бұзған 372 шетелдік анықталса, шетелдіктерді қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалар көші-қон заңнамасын сақтамағаны үшін 198 облыс тұрғынына әкімшілік шара көрілген.

Іс-шара барысында Өзбекстан Республикасының 12 азаматы ел аумағынан шығарылған.

ЭКСТРЕМИСТІК ҰЙЫМ БЕЛСЕНДІСІ СОТТАЛДЫ

Қызылорда облысы полиция департаментінің және ұлттық қауіпсіздік департаментінің қызметкерлері бірлесіп, «Таблығы жамағат» діни экстремистік ұйымының жақтасы, 48 жастағы облыс тұрғынына қатысты жедел іздестіру іс-шарасы жүргізді.

Нәтижесінде азамат «Дү сопын тыйым салынған діни экстремистік ұйымының шарттары мен дәстүрлерін ұстанып, оның қызметін ұйымдастырып, жақын діни байланыстарына діни алауыздықты қоздыратын және діни экстремистік деп танылатын ақпараттарды үйрете отырып, насихаттағаны анықталған.

Сонымен қатар құдікті қала аумағында діни экстремистік ұйымның жиындарын ұйымдастырып, жасырын уағыздар жүргізгені белгілі болды.

Арнайы іс-шаралар материалдарын талдау барысында, азамат «Дү-ның іс-әрекеттерінде құқық бұзушылықтың белгілері байқалғандықтан, оған қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 405-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілді.

Қызылорда қалалық сотының 2021 жылғы 20 қыркүйектегі Укімімен азамат «Дү» кінәлі деп танылып, 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына тартылып, пробациялық бақылауға алынды.

Дайындаған А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

Ерсін Шамшадин — жаңа қызметте

Сыр медиа» серіктестігіне қарасты облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторының орынбасары қызметіне Ерсін Шамшадин тағайындалды.

Ол 2018 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда Университеті журналистика мамандығын тәмамдаған. 2018 жылы тәуелсіз басылым «Ақмешіт ақшамы» газетінде тілші.

2019 жылы Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту мәдени-продюсерлік орталығында маман 2020 жылдан бүгінге дейін Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінде тілші қызметін атқарып келді.

Көптеген республикалық басылымдар мен интернет ресурстарда мақалалары жарияланып тұрды. Сонымен қатар республикалық, облыстық жыр мүшәйраларының жүлдегері. Өлеңдері бірнеше ұжымдық жинаққа енді.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Сағитжан Бермағанбетов атындағы жас журналистер байқауының жеңімпазы.

Орыс-ағылшын тілдерін жетік білетін маман аудармамен де шұғылданады. Әріптесімізге жаңа қызметінде сәттілік тілейміз.

СЫРДЫҢ ШАХМАТШЫ ҚЫЗЫ

Елбасының «Болашақ бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында жастардың үлгі алуына, заманауи Қазақстанның келбетін танытуға мүмкіндік беретін «100 жаңа есім» жобасы ұсынылып, республикалық маңыздағы үздік тұлғалардың есімдерін тізімдерін анықтау бастамасы көтерілді.



сында өткен Азия чемпионатында Бици ойындарынан күміс медаль иегері болды. 2015 жылы Тайландта, Сингапурда Азия чемпионаттарында 7-ші орын және 13 жас арасындағы ойында Классика, Рэпид, Бици түрлері бойынша 1-орынды иеленіп, алтын медаль тақты.

Әсел Серікбай 2002 жылы 23 қантарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Шахмат әлеміне спорттағы ұстазы Риза Қошқарованың жетекшілігімен 1 сыныптан аяқ басты.

Әсел Серікбай 2002 жылы 23 қантарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Шахмат әлеміне спорттағы ұстазы Риза Қошқарованың жетекшілігімен 1 сыныптан аяқ басты.

Әсел Серікбай 2002 жылы 23 қантарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Шахмат әлеміне спорттағы ұстазы Риза Қошқарованың жетекшілігімен 1 сыныптан аяқ басты.

Әсел Серікбай 2002 жылы 23 қантарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Шахмат әлеміне спорттағы ұстазы Риза Қошқарованың жетекшілігімен 1 сыныптан аяқ басты.

Бала болып ойнамай, барлық уақытын тек шахмат әлеміне арнаған Әселдің еңгізгі елігі, 2014 жылы Қызылорда облысының жеңіл Нәтижесінде Әсел Серікбай әйелдер гроссмейстер нормасын орындап, халықаралық әйелдер шебері атағын алды.

А.ӘЛИАСҚАРОВА, Қызылорда облысының мемлекеттік архивінің құжаттарды пайдалану және жариялау бөлімінің археографы

COVID-19: «Неге сарғайдық?»

21 қазанда Қызылорда облысында коронавирустық инфекцияны жұқтырған 38 дерек тіркелген. Оның ішінде 19 адам облыс орталығынан. Жаңадан тіркелген 38 жағдайдың 27-сі симптомды деп танылса, қалған 11 адамнан ауру белгілері байқалмаған.



38 жағдайдың 35-і жаңа ошақ деп танылса, қарым-қатынас арқылы жұқтырғандар саны 3-і құрады. Сондай-ақ сол тәулікте аймақта барлығы 25 наукас емделіп шықса, оның 14-і Қызылорда қаласынан. Нәтижесінде жалпы емделіп шыққандар саны 17728 адамды, яғни 96 процентті құрады.

Вакциналау науқаны аясында 21 қазанда екпенің I компонентін аймақта барлығы 2791 тұрғын салдырған. Нәтижесінде 1 ақпан мен 21 қазан аралығында өңірде вакцинацияның алғашқы компонентін алғандардың саны 336837 адамға жетті. Оның ішінде 147490 адам Қызылорда қаласының тұрғындары.

Сонымен қатар 21 қазанда екпені толықтай алуға 1896 адам келсе, оның 636-ы қала тұрғыны. «Қазақстан Республикасы Бас санитарлық дәрігерінің қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 6 мамырдағы №20 қаулысына сәйкес, осы вакцинацияның I компонентін алған тұрғындар 45-90 күн аралығында II компонентін алуы тиіс.

«Ақмешіт-ақпарат»



ЛИВАН: ДАҒДАРЫСТАҒЫ КҮНКӨРІС

Министрліктің хабарлауынша, табылған заттардың барлығы емханалар мен дәріханаларға жеткізілген. Сондай-ақ дәрілер табылған қойма иелері қамауға алынып, дәлелдемелер сотқа жіберілген.



2020 жылы қаржылық дағдарыс белең алған кезеңде Ливан билігі өмірлік маңызды тауарларға субсидия бөле бастаған.

«Орталық банк» негізінен трейдлердің кірісін қаржыландырады, — дейді, тұтынушылардың құқықтарын қорғау қауымдастығының жетекшісі, Ливандағы бақылау тобы Зухайр Бурро. «Қор жинау арқылы саудагерлер бағаның көтерілуін күтіп, содан кейін ғана оны жоғары бағамен сатады.

«Euromonitor International» нарықты зерттеудің стратегиялық тобының мәліметтері 2021 жылдың бірінші жартысында нәрсете тағамның импорттың өскенін көрсеткен. Ливан фармацевтикалық импорттаушылар синдикатының басшысы Көрім Гебора да орталық банкті медициналық сектордағы импорттың көрсеткішін асыруға тырысады деп айыптағанымен, дәрі-дәрмек импорттың өскенін мойындаған.

Гебораның айтуынша, мамыр айында дәрі-дәрмек импорты тоқтап қалып, тамызда банк дөріге субсидия бөлуді қайта бастаған.

Ал арнарын «Банк субсидиялауды неге тоқтатты?» деген сұрағына есімі жасырын қалуды сұраған шенеунік «Өйткені бізде ақша жоқ. Таусылды», — деп жауап берген.

Мақалада сондай-ақ қазіргі кездегі Ливан емханаларының ахуалы да баяндалды. Мәселен, ең үлкен мемлекеттік аурухана саналатын Рафик Харир университетінің аурухана асанында жағдай жақсы емес-ті.

«Жұмысымын ең жамаң түсі — менің қатерлі ісікке шалдыққан пациенттері болғанымен, оларға еш көмек көрсете алмайтыным» — дейді ауруханадағы онкология бөлімінің бас дәрігері Исмаил Шехехад.

Ал ауруханадағы дәріхананың жай-күйі тіптен жамаң. Фармацевт әртартпаны, тоназықшытың ішін ашықпағын бірнеше саран ғана дәрілер тұрады.

Мақалада елдегі ахуал бүкпесіз көрсетіліп, жағдайдың қиындағы ашық жазылған. Кейіпкерлердің басынан өтіп жатқан оқиғалар өте ауыр.

Тұтыңсадан ауларды, шолу жасаған Аслан НУРАЗГАЛИ

Басы I-бетте

Menшік несі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады.